

2026. 13 (3)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 3135-8055

ISSN 3135-8055 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Болон ғылым академиясының корр. -мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қайпбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ISSN 3135-8055 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03. 04. 2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Founder and publisher: RSE on REM" Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03. 04. 2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 3135-8055.
Vol. 13. Is. 3, pp. 642-658, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTH / IRSTI 03. 20
https://doi.org/10.51943/3135-8055_2026_13_3_642-658

COMBATING JUVENILE DELINQUENCY AMONG HOMELESS CHILDREN IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S

Almagul A. Bekenova¹, Orazgul Kh. Mukhatova^{2}*

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28 Shevchenko Str., Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan)
Master of History
 <https://orcid.org/0000-0001-6034-900X> E-mail: bek.alma.81@gmail.com

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28 Shevchenko Str., Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher
 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248> E-mail: Orazgul7@rambler.ru
*Correspondent author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2026
© Bekenova A., Mukhatova O., 2026

Abstract. Introduction. The article examines the fight against offenses among homeless children in the 1920s and the work carried out by special institutions on crime prevention. In the period following the establishment of Soviet power, the reforms of the young Bolshevik government caused numerous social difficulties. One of these was child homelessness and the resulting crime. *Goals and objectives.* The goal of the article is to analyze the history of the emergence of offenses among homeless children in Kazakhstan and the fight against them, as well as to study the activities of the subdivision for combating offenses and homelessness of the Department of Legal Protection of Minors. The objectives include examining the efforts to combat juvenile delinquency by the Children's Inspectorate, Reception and Distribution Centers, Commissions on Juvenile Affairs, and Compulsory Educational Institutions. Domestic and foreign archival documents and materials on the history of offenses among homeless children in the 20th and 21st centuries formed the documentary basis of the study. The study employed methods of analysis, systematization, retrospective review, generalization, description, and others. *Results.* Specially established subdivisions of the Internal Department combated offenses among homeless children. This institution carried out work on the re-education of juvenile offenders, particularly difficult-to-manage children, and implemented numerous measures to reduce the number of such teenagers. *Conclusion.* The types of offenses committed by homeless children in the 1920s, their age-related characteristics, and the departments and institutions that worked with offenders were identified. The importance of labor in preventing juvenile crime and re-educating offenders was clarified. It was confirmed that labor teaches children discipline and stability, helps them acquire vocational skills, and adapts them to adult life. The history of the fight against juvenile delinquency among homeless children still requires in-depth study. Researching the history of juvenile offenses in the early 20th century and the experience of special institutions is essential for the prevention of juvenile crime in the present and future.

Keywords: homeless children, famine, combating delinquency and homelessness, Komones, RSFSR.

Acknowledgments. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan "The problem of child homelessness in Kazakhstan and neighboring countries in the 1920–1930s". Registration number: AP23488331).

For citation: Bekenova A., Mukhatova O. Combating Crime Among Homeless Children In Kazakhstan In The 1920s // Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Vol. 13. No. 3. Pp. 642–658. (In Kaz.). DOI: 10. 51943/3135-8055_2026_13_3_642–658

1920-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ҚЫЛМЫСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС

Бекенова Алмагүл Арапханқызы¹, Оразгүл Хасенқызы Мұхатова^{2*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0001-6034-900>. E-mail: bek.alma.81@gmail.com

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: orazgulumukhatova502@gmail.com

*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Бекенова А.А., Мұхатова О.Х., 2026

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада XX ғасырдың 20 жылдарында панасыз балалар арасындағы құқықбұзушылықтарға қарсы күрес, қылмыстың алдын алу бойынша арнайы мекемелердің атқарған жұмыстары қарастырылады. Кеңес өкіметі орнатылғаннан кейінгі уақытта жас большевиктік биліктің қайта құрулары көптеген әлеуметтік қиындықтарды тудырды. Солардың бірі – балалар арасындағы панасыздық және соның салдарынан туындаған қылмыс. *Мақсаты мен міндеттері.* Мақаланың мақсаты – Қазақстандағы панасыз балалар құқықбұзушылықтарының қалыптасуы және онымен күрес тарихын талдау, құқықбұзушылықпен күресуде Кәмелетке толмағандарды құқықтық қорғау бөлімінің Құқық бұзушылыққа және панасыздыққа қарсы күрес ішкі бөлімінің қызметін зерттеу. Балалар инспекциясы, Қабылдау және тарату пункттері, Кәмелетке толмағандардың істері бойынша комиссия, Мәжбүрлеп тәрбиелеу мекемелерінің балалар арасындағы құқықбұзушылықпен күресін зерделеу. *Материалдар мен әдістер.* XX–XXI ғасырлардағы панасыз балалар арасындағы құқықбұзушылық тарихы бойынша отандық және шетелдік архив құжаттары мен материалдары зерттеудің деректік негіздерін құрады. Зерттеуде талдау, жүйелеу, ретроспективті, қорыту, сияптау және т. б. әдістер қолданылды. *Нәтижелер.* Панасыз балалар арасындағы құқықбұзушылықтармен арнайы құрылған Ішкі бөлімінің бөлімшелері күрес жүргізді. Бұл мекеме балалар құқықбұзушыларына қарсы, әсіресе тәрбиелеуі қиын балаларды қайта тәрбиелеу жұмыстарын жүргізіп, мұндай жеткіншектердің санын азайтуға көптеген шаралар атқарды. *Қорытынды.* 1920 жылдардағы панасыз балалар арасындағы құқықбұзушылық түрлері, олардың жастық ерекшеліктері, құқықбұзушылармен жұмыс жүргізген бөлімшелер мен мекемелер анықталды. Балалар арасындағы қылмыстың алдын алуда, құқықбұзушыларды қайта тәрбиелеуде еңбектің маңыздылығы нақтыланды. Еңбектің

балаларды тәртіпке, тұрақтылыққа, т. б. үйретіп, біліктілік меңгертіп, үлкен өмірге бейімдейтіндігіне көз жеткізілді. Панасыз балалар арасындағы құқықбұзушылықпен күрес тарихы әлі де болса терең зерделенуі тиіс. XX ғасырдың басындағы балалар құқықбұзушылықтарының тарихын және арнайы мекеменің тәжірибесін зерттеу қазіргі және келешекте балалар арасындағы қылмыстың алдын алуда маңызды.

Түйін сөздер: панасыз балалар, ашаршылық, құқық бұзушылыққа және панасыздыққа қарсы күрес, Комонес, РКФСР

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «1920–1930 жылдардағы Қазақстан аумағындағы және іргелес елдердегі балалар панасыздығы мәселесі» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 23488331).

Дәйексөз үшін: Бекенова А.А., Мұхатова О.Х. 1920-жылдардағы Қазақстандағы панасыз балалар қылмысына қарсы күрес // Asian Journal» Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. 642–658 бб. (Қаз.). DOI: 10. 51943/3135-8055_2026_13_3_642–658

БОРЬБА С ПРЕСТУПНОСТЬЮ БЕЗПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ В КАЗАХСТАНЕ В 1920-Х ГОДАХ

Бекенова Алмагуль Арапхановна¹, Мухатова Оразгуль Хасеновна^{2}*

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(28, ул. Шевченко, Алматы, 050010, Республика Казахстан)
научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0001-6034-900>. E-mail: bek. alma. 81@gmail. com

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(28, ул. Шевченко, Алматы, 050010, Республика Казахстан)
Доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: orazgulumukhatova502@gmail. com

* Автор-корреспондент

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Бекенова А.А., Мухатова О.Х., 2026

Аннотация. Введение. В статье рассматривается борьба с правонарушениями среди беспризорных детей в 20-е годы XX века, а также работа, проведенная специальными учреждениями по профилактике преступности. В период после установления советской власти преобразования молодой большевистской власти вызвали множество социальных трудностей. Одной из них стала детская беспризорность и вытекающая из нее преступность. **Цель и задачи.** Цель статьи – проанализировать историю возникновения правонарушений среди беспризорных детей в Казахстане и борьбы с ними, а также изучить деятельность подотдела по борьбе с правонарушениями и беспризорностью Отдела правовой защиты несовершеннолетних. Задачей является исследование борьбы с детской преступностью со стороны Детской инспекции, приемно-распределительных пунктов, Комиссий по делам несовершеннолетних и учреждений принудительного воспитания. Источниковую базу исследования составили отечественные и зарубежные архивные документы и материалы по истории правонарушений среди беспризорных детей XX–XXI веков. В исследовании применялись методы анализа, систематизации, ретроспективный метод, обобщение, описание и др. **Результаты.** Борьбу с правонарушениями среди беспризорных детей вели специально созданные подразделения Внутреннего отдела. Данное учреждение проводило работу по перевоспитанию несовершеннолетних правонарушителей, в особенности трудновоспитуемых детей, и предприняло множество мер для снижения числа подобных подростков. **Заключение.**

Были определены виды правонарушений среди беспризорных детей в 1920-х годах, их возрастные особенности, а также подразделения и учреждения, работавшие с правонарушителями. Уточнена значимость труда в профилактике детской преступности и перевоспитании правонарушителей. Подтверждено, что труд приучает детей к дисциплине, стабильности и т. д., позволяет освоить профессию (квалификацию) и адаптирует к взрослой жизни. История борьбы с правонарушениями среди беспризорных детей все еще нуждается в глубоком изучении. Исследование истории детских правонарушений в начале XX века и опыта профильных учреждений имеет важное значение для профилактики преступности среди несовершеннолетних в настоящем и будущем.

Ключевые слова: беспризорные дети, голод, борьба с правонарушениями и беспризорностью, Комонес, РСФСР

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Проблема детской беспризорности на территории Казахстана и сопредельных стран в 1920–1930 годы» (регистрационный номер: АР 23488331).

Для цитирования: Бекенова А.А., Мухатова О.Х. Борьба с преступностью беспризорных детей в Казахстане в 1920-е годы // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. С. 642–658. (На каз.). DOI: 10. 51943/3135-8055_2026_13_3_642–658

Кіріспе. Кеңес кезеңіндегі балалар панасыздығы тарихы бүкіл дүниежүзі тарихшыларының назарын аударатын күрделі мәселе. Ресейдегі Қазан революциясы және азамат соғысы кезінде панасыз қалған балалардың саны күрт өсті. Қорғансыз, қорғаусыз қалған жеткіншектер көше кезіп, тамақ іздеп, түрлі қылмыстарға барды. 1920-жылдары көше балалары арасындағы қылмыс жасағандардың саны 4–7 миллионға жетті (ең жоғары көрсеткіш 1921–1922 жылдары болды). Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың көрсеткіші тіпті жоғары болды. Ол барлық қылмыстардың 75%-ын құрады. Негізгі қылмыстар ұрлық, қаңғыбастық, қайыр сұрау, ерте алкоголизм және жезөкшелік сипатында көрінді. Вокзалдар, базарлар мен жолаушы пойыздары қаңғыбас панасыз балаларға лық толды. Панасыздық проблемасы және олардың жағдайы күрделі әлеуметтік мәселеге айналды. Мұндай ахуал Қазақстанды да айналып өтпеді. Қазақстанда панасыз балалардың қатары 1921–1923 жылдары көбейді. Жергілікті панасыз балалардың қатарын Қазақстанмен іргелес Ресей аймақтарынан келген балалар толықтырды. Мемлекет 1920-жылдардың ортасынан бастап балалар панасыздығына қарсы белсенді күрес жүргізді. Көше кезіп, қылмыс әлеміне енген панасыз балаларды мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері іздеп тауып, қабылдау пункттеріне әкеліп, балалар үйі мен коммуналарға тәрбиелеуге жіберді. Қылмыс жасаған балаларды тәрбиелеу мақсатында мектептер мен балалар үйінің бірнеше түрлері ашылды. Мәселен, коммуналарға, еңбекпен тәрбиелеу мектептеріне, жетім балалар үйлеріне жеткіншектерді қоғамға пайдалы азаматтар етіп тәрбиелеу, білім беру, еңбекке тарту сияқты міндеттер жүктелді. Алайда ащы шындық кеңестік тарихнамадан көрініс таппады. Кеңестік кезеңде балалар панасыздығы мәселесі жетім балалар үйлері, ана мен баланы қорғау, балаларға көмек тәрізді түйткілдердің астарында қалды. Большевиктік идеология «балалар өмірі қорғалған, әлеуметтік жағдайлары шешілген» деген қағиданы берік ұстанды. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алған тұста балалар панасыздығын зерттеу назарға алына бастады. Панасыздықтың пайда болуы, оның себептері, статистикалық ахуалы, мемлекеттік органдардың балалар панасыздығымен күресі зерделенді. Панасыздардың қылмыс әлеміндегі «орны мен рөлі» үстірт қарастырылды. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу тақырыбының өзектілігі дау тудырмайды. Заманауи әлемдегі қақтығыстар мен соғыстардың зардаптарынан мыңдаған бала жетім қалып, аш, жалаңаш, панасыз қалып жатқаны жасырын емес. Олардың барлығы дерлік дүниежүзілік, жергілікті ұйымдардың қорғауына зәру екендігі мәлім. Осы орайда кеңестік мемлекеттік органдардың панасыз, соның ішінде қылмыскер балалармен күрес тәжірибесін зерделеудің маңызы айтпаса да түсінікті.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеудің деректік базасын Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сақтаулы 509 – «Орынбор қ. КАССР халық ағарту комиссариаты, 81 – «КАССР ОАК жанындағы балалардың өмірін жақсарту жөніндегі орталық балалар комиссиясы» қор құжаттары құрады. Аталған қорларда 1920-жылдардағы панасыздық, тәрбиелеуі қиын балалар, орын алған құқық бұзушылық түрлері, панасыз балалар арасындағы қылмысқа қарсы күрес жұмыстарын жүргізген мекемелердің қызметі бойынша құнды мәліметтері бар құжаттар шоғырландырылған. Құжаттар кәмелетке толмағандарды құқықтық қорғау қызметінің жылдық есептері, жетім балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілерге көрсетілетін көмек туралы қаулылар, балаларды жетімдер үйіне орналастыру бойынша хат алмасулар, статистикалық мәліметтер түрінде жинақталған. Архивтік деректер 1920-жылдардағы панасыздық, тәрбиелеуі қиын балалар, орын алған құқық бұзушылық түрлері, панасыз балалар арасындағы қылмысқа қарсы күрес жұмыстарын жүргізген мекемелер туралы мол ақпарат береді. Сонымен қатар «Из истории борьбы с детской беспризорностью в Казахстане и сопредельных странах в 1920–1930-е гг.» атты архив құжаттары мен материалдарының жинағы зерттеудің деректік базасын толықтырады.

Панасыз балалар арасындағы қылмыстың орын алуын, оның себептерін, түрлерін зерттеуде күнделіктілік бағытын қолдану ұтымды. Өйткені бұл бағыт панасыз жеткіншектердің күнделікті тұрмыс-тіршілігін, ауыр жағдайын, олардың аштық пен әлеуметтік қорғансыздықтың құрбандары ретінде қылмыс әлеміне енуін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Қазақстандық ғалымдар Т. Омарбеков (Омарбеков, Омарбеков, 2004) және Х. Әбжанов (Әбжанов, 2014) ұсынған «Тарих – адам іс-әрекетінің жемісі» методологиялық тұжырымдамасына сүйену зерттеудің нәтижелерін салмақты етуге септеседі. Осыған орай ғалымдардың Қазақстан тарихын зерттеуде «тарихтағы адам мен мемлекет факторын оң пайымдау» ұстанымын пайдаланудың маңызы зор. Балалар инспекциясы, Қабылдау және тарату пункттері, Кәмелетке толмағандардың істері бойынша комиссия, Мәжбүрлеп тәрбиелеу мекемелерінің панасыз балаларды, соның ішінде тәрбиелеуі қиын балаларды, құқық бұзушыларды тәрбиелеудегі әр мекеме қызметінің ерекшеліктері тарихилық, әлеуметтік қағидаттарының көмегімен зерттелді. Тарихилық қағидаты ретроспективті әдіспен сабақтаса отырып 1920-жылдардағы панасыз балалар арасындағы қылмыс жасағандармен күресудегі арнайы мекемелердің қызметін ашуға көмектесті. Әлеуметтік қағидат қылмыс әлеміне тартылған панасыз балалардың пайда болу себептерін, олардың тұрмыс-тіршілігін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеуде декомпозиция әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы тәрбиелеуі қиын балалармен тікелей жұмыс жасайтын Құқық бұзушылық пен панасыздыққа қарсы күрес ішкі бөлімінің 4-ші бөлімшесінің қызметіне талдау жасалды. Балалар инспекциясы, Қабылдау және тарату пункттерінің, Кәмелетке толмағандардың істері бойынша комиссияның, Мәжбүрлеп тәрбиелеу мекемелерінің панасыз балаларды, соның ішінде тәрбиелеуі қиын балаларды, қылмыс жасағандарды тәрбиелеудегі әр мекеме қызметінің ерекшеліктерін зерделеуде талдау, жүйелеу, салыстыру, қорыту, сипаттау әдістері пайдаланылды.

Талқылау.

1920-жылдардағы балалар панасыздығы тарихы ұзақ уақыт бойы арнайы зерттеу нысанына айналмады. Бұл мәселе 1921–1923 жылдардағы аштықтың ауқымында үстірт қана айтылды. XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басында панасыз балалар туралы зерттеулер дүниеге келді. Оларда балалар арасындағы панасыздықтың және олардың ауыр жағдайы, жетімдер үйлерін орналастырулары, т. б. мәселелер шынайы зерттеле бастады. Бұл мәселелерді зерделеудің бастауында ресейлік тарихшылар тұрды. Мәселен, Л. Мардахаевтың мақаласында тәрбиелеуі қиын балалардың пайда болуы себептері және өзіндік ерекшеліктері анықталды (Mardahaeu, 2003). Автордың пайымдауынша, 1920-жылдардағы тәрбиелеуі қиын баланы қалыптастырған себептерге ашаршылық кезеңдерінде жол бойында, үйлерінде т. с. с. жерлерде өлген адамдарды көрудің нәтижесі бала психикасына өзіндік әсерін қалдырған. Әсіресе ашаршылық жылдары панасыз көшеде қалған балалардың ұрлық, тонау т. б. жолға

еріксіз түрде түсуі тәрбиелеуі қиын балаларды, құқық бұзушыларды, кейде қылмыскерлерді, яғни сол кезеңнің терминімен келтіргенде моральдық-дефектілі балаларды қалыптастырған. Л. Мардахаев тәрбиелеуі қиын бала – белгілі бір тәрбиеші (тәрбиешілер) үшін педагогикалық жұмыста белгілі бір қиындықтар туғызатын бала. Бұл қиындықтар баланың теріс (девиантты) мінез-құлқында, оның басқа балалармен, тәрбиешімен қарым-қатынасында және тәрбиелік әсерге қатынасында көрінеді деп түсіндіреді (Мардахаев, 2003).

С. Тизанов тәрбиелеуі қиын балаларға арналған мекемелерге денсаулығында кемістігі барларын (ақыл-есі кем, т. б.) жібермей, Ағарту халық комиссариаты мен Денсаулық сақтау халық комиссариаты бағыттары бойынша реттеуді ұсынған (Швейцер, т. б., 1926: 16). Яғни моральдық кемістігі бар балаларды емдеп, тәрбиелеуі қиын балаларды Ағарту халық комиссариаты тәрбиелеуге тиіс деген пікір білдірген. Сонымен қатар С. Тизанов жасөспірімді күштеп мекемеге қамап, мәжбүрлеп темір торға ұстаудың орнына өзі сол мекеменің өміріне қызығатындай күйге жеткізу керектігін алға тартқан. Көшедегі еркіндікке үйренген баланың мекемеде өздігімен әрекет етуіне мүмкіндік беру оның жеке тұлғасын төмендетпей, қалыпты өмір сүруіне, қоғамдық ортаға бейімделуіне ықпал ететіндігін тәжірибеде орын алған фактілер арқылы көрсеткен. Ол үшін балаларды тәрбиелеуде қоғамдық маңызды еңбектің рөлін, сол арқылы белгілі бір мамандық иесі етіп шығарудың маңызына назар аударған. Тәрбиеленуі қиын балаларды комсомол және пионер ұйымдарына тартудың да маңыздылығын атап өткен (Швейцер, т. б., 1926: 15).

1920-жылдары панасыз балалардың арасында қылмыс әлеміне тартылғандар көп болған. Олар түрлі қылмыс жасаған. Сондықтан да кеңес өкіметінің заңдарына сәйкес мұндай балалар жазаланған. Е.А. Бендердің мақаласында 1922, 1926 жылдардағы Қылмыстық кодекске 14-тен 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың істері алдымен комиссияда шешілмеген жағдайда сотқа берілетіндігін, екі Қылмыстық кодексте де 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға қатысты ату жазасы қолданылмайтыны келтірілген (Бендер, 2013; УК, 1922, 1926).

А.П. Ельчанинов зерттеуінде Қазан революциясына дейінгі кезеңде мәжбүрлі тәрбиелеу мекемелерін түзеу орындары деп аталғандығын келтірген. Бұндай мекемелерге ауылшаруашылық және қолөнер колонияларын, бау-бақша, ара шаруашылығы және т. б. ұсақ кәсіпшілікке бағытталған орындар жатқызылған. Түзеу орындарында негізінен кәмелетке толмаған балалар тәрбиеленген. Түзеу орындарының кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды қайта тәрбиелеуде, әлеуметтік бейімдеуде маңызды құрал болғандығын атап көрсеткен (Ельчанинов, 2022).

В.Л. Швейцер мен С.М. Шабалова тәрбиелеуі қиын балаларға арналған мекемелер негізінен 1919–1921 жылы пайда болғандығы, мәжбүрлеп тәрбиелеу қағидатына негізделіп құрылғандығын қадап жазған. Тек 1924 жылдан бастап ашаршылық, панасыздық, көшедегі қаңғыбастық нәтижесінде панасыздықпен күресте қағидаттар қайта қарастырылған. Панасыздарды арнайы мекемелерде тәрбиелеудің, оқытудың, еңбекке баулудың нәтижесіз қалмайтындығын, жетістіктерге әкелетіндігін атап өткен. (Швейцер, т. б., 1926: 6–7). 1925 жылғы 21–29 қарашадағы қиын балаларға арналған мекемелер қызметкерлерінің кеңесі өткізілген. Кеңесте панасыз, тәрбиеленуі қиын балалармен жұмыстағы кемшіліктер көрсетілген. Басты кемшіліктерге: балаларға ақы төлеу мәселесінің шешілмегені, балалар мекемелеріндегі шеберханалардың тапсырысы аздығы, барлық балалардың жұмыс істеуге ынталы еместігі, балалар мықты біліктілік алып шыққанымен өндірістен орын табудың қиындығы, педагогикалық персоналдың тапшылығы, т. б. аталған (Швейцер, т. б., 1926: 85–88). Авторлар Орынбор қаласындағы (Кооператив, 7) тәрбиеленуі қиын балаларға арналған № 8 балалар үйінде 60 баланың болғандығын, олардың аяқ киім шеберханасында еңбекке баулығандығы көрсетілген (Швейцер, т. б., 1926: 213, 215). Сонымен қатар Қызылорда қаласында жасөспірімдер балалар үйі жұмыс істеген. Дегенмен бұл еңбекте негізінен Қазақстаннан тыс аумақтағы еңбек коммуналарының тәжірибесі зерделенген.

Отандық тарихшылар да 1920-жылдардағы Қазақстандағы панасыз балалар тарихын зерделеуден тыс қалмады. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерін

зерделеу аясында белгілі тарихшы Г.Б. Сүгірәлімова 1920–1940 жылдардағы Қазақстандағы панасыз балалар тарихын шынайы зерделеді (Сүгірәлімова, 2006). Зерттеуінде панасыз балалардың жағдайын, жеткіншектер арасындағы қылмыстың орын алуын, онымен күрескен мекемелердің, соның ішінде Өлкелік балалар комиссиясының қызметін архив құжаттары негізінде көрсетті. Г.Б. Сүгірәлімованың «1921 жылдың 6 тамызында Халық ағарту комиссариаты жанынан кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі арнайы комиссия (атақты Комонес) құрды. Қылмыс жолына түскен балаларды оқшаулауға арналған қабылдау-тарату пункттері ұйымдастырылды. Орынборда 1923 жылдың 17 шілдесінде заң бұзған жасөспірімдерді тәрбиелеумен айналысатын Өлкелік реформаторий ашылды. 100 орындық Реформаторийге 14 жасқа дейінгі балалар Халық сотының үкімімен, немесе Комонестің жолдамасымен орындалатын болды» дегені бұл мәселені терең зерттеу қажеттілігінен хабар береді (Сүгірәлімова, 2006: 48–50). Зерттеуде «кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі арнайы комиссия (Комонес)» деп көрсетіледі. Дегенмен архив құжаттарында бұл атау Кәмелетке толмағандар туралы комиссия және Кәмелетке толмағандардың істері бойынша комиссия деген нұсқаларда кездеседі.

Г.К. Карипжанова өзінің шағын зерттеуінде балалар панасыздығының пайда болуының саяси, әлеуметтік-экономикалық, моральдық-идеологиялық және психологиялық-педагогикалық сипаттағы төрт себебін анықтады. Ол 1920–1940 жж. балалар үйлерінің революцияға дейінгі баспаналардан айырмашылығы балалардың тағдырына мемлекеттік жауапкершілікті өз мойнына алғандығын атап көрсетті (Карипжанова, 2020). «Қазақстандағы еңбекпен түзету лагерьлерінің құрылып даму тарихы» мақаласының авторы А. Байтанның пікірінше, «барлық еңбекпен түзеу мекемелері кеңестік шаруашылық ұйымдары болып есептелді. Олардың мақсаты түрмедегілерге еңбек дағдыларын игерту және олардың еңбегін тиімді пайдалану» (Байтан, 2022). О.Х. Мұхатова, А.Т. Қайпбаева «Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы панасыз балалар тарихын зерттеудің теориялық және методологиялық мәселелері» атты мақалада балалар панасыздығының анықтамасына қатысты пікірлерді талдады. Солардың негізінде қараусыз, қорғансыз қалған балаларды панасыз деп атау дұрыс деген қорытындыға келді (Мұхатова, Қайпбаева, 2026).

Тарихнамалық шолу 1920-жылдардағы еліміздегі панасыз балалар арасындағы қылмыс жасағандармен және оларға қарсы күрес жүргізген, тәрбиелеген Балалар инспекциясы, Қабылдау және тарату пункттері, Кәмелетке толмағандардың істері бойынша комиссия, Мәжбүрлеп тәрбиелеу мекемелерінің қызметінің үстірт зерделендігін дәлелдеді. Мұның өзі тақырыптың өзектілігі дау тудырмайтындығына көз жеткізеді.

Нәтижелер. 1920-жылдардағы Қазақстан аумағындағы балалар панасыздығының проблемасын зерттеу барысында азаматтық соғыстан кейінгі дағдарыс, құрғақшылықтан орын алған өнімсіздік, ашаршылық, індет, т. б. нәтижесінде балалардың панасыз қалғандығы белгілі. Панасыз қалған балалар күн көру мақсатында теміржол станцияларының бойында, базарларда және тағы сол сияқты адамдар көп жиналатын орындарда қайыршылықпен күн көрсе, кейбірі ұрлық, тонаушылық, т. б. қылмыс жасаумен айналысқан. Осы кезде панасыздар арасында «қалта ұрылары» көп болған. Жекелеген тұрғындар балаларды әдейі қылмысқа итермелеп, содан пайда көруге тырысқан. Қыз балалардың жезөкшелікпен айналысқан фактілері тіркелген.

Осы кезеңде мемлекет тарапынан панасыз балалардың қылмыс жасауының алдын алу жөнінде бірқатар шара қабылданды. Билік органдары панасыз балаларды ұстап, адасқандарын ата-аналарына қайтару, ата-анасыз қалғандарын туыстарына қайтару, еш қамқорлықсыз қалғандарын балалар үйлеріне жинақтау, оларды тәрбиелеу, қамқоршыларға беру, қылмысқа қатысы барларын қайта тәрбиелеу немесе арнайы балалар үйлеріне не реформаторийлерге жіберу бойынша жұмыстар жүргізді. Ол үшін мамандар дайындалып, арнайы мекемелер құрылды. Солардың бірі – Кәмелетке толмағандарды құқықтық қорғау бөлімі (бөлімшесі) бұдан әрі – КТҚҚБ).

1920-жылдардың басында КТҚҚБ толық құрамда жұмыс жасай қоймады. Себебі, біріншіден, 1921–1922 жылдардағы ашаршылықтан панасыз балаларға қоса аштық қамтыған көрші елдердің балалары да елімізге келуінен панасыздар саны көбейіп, қабылдау пункттерінде, балалар үйлерінде балалардың саны күрт көбейді. Бұл өз кезегінде қосымша қабылдау пункттері мен балалар үйлерін ашуды, оларда жұмыс істейтін арнайы мамандардың болуын қажет етті. Екіншіден, қабылдау пункттері мен балалар үйлеріндегі балалар санының көбеюі қылмыс жасайтын балалардың қатарын арттырды. Қылмыс жасағандар қарапайым балаларға кері әсерін тигізді. Мұның өзі балдырғандардың жетім балалар үйлерінен қашып, қайта қайыршылық пен қылмыс жолына түсуіне жол ашты. Үшіншіден, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықпен айналысқан халқымыз үшін нақты бір орынға бекітілген қабылдау пункттері мен балалар үйлерін уездерде, ауылдарда ашу өзіндік қиындықтарын тудырды. Төртіншіден, еліміздің қуаңшылық, мал қырғыны салдарынан ашаршылық жайлаған аумақтардан тұрғындардың үдере көшуінен маман тапшылығы орын алды. Аштықтан балаларын аман қалдыру мақсатында балалар үйлеріне, жолда қалдырып кету нәтижесінде панасыз балалар саны арта бастады.

КТҚҚБ жергілікті органдары Губерниялық және уездік болып бөлінді. Губерниялық және уездік Кәмелетке толмағандарды құқықтық қорғау бөлімшелерінің бөлінуі мен қызметі КТҚҚБ бөлімшелеріне ұқсас, тек 1) Қылмыс жасағандарға және панасыздыққа қарсы күрес, 2) Қамқоршылық және 3) Заң көмегі деп аталды. Сондай-ақ Губерниялық КТҚҚБ – бөлімшелерге, уездік КТҚҚБ – секцияларға бөлінді және әрқайсысы вертикалды басқаруға негізделді, яғни уездік бөлімдері губерниялық бөлімдерге бағынды. КТҚҚБ – Губерниялық КТҚҚБ – уездік КТҚҚБ. Кәмелетке толмағандарды құқықтық қорғау бөлімі. КТҚҚБ-ның міндеттерінің бірі – кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және кәмелетке толмағандардың мүдделерін бұзуға қарсы күрес еді.

КТҚҚБ ішкі 4 бөлімге бөлінді: Қылмыс жасағандарға және панасыздыққа қарсы күрес; Қамқоршылық; Заң көмегі; Бөлім кеңесі жанындағы ұйымдық-нұсқаушылық және құқықтық нормаларды әзірлеу бюросы. Қылмыс жасағандарға және панасыздыққа қарсы күрес ішкі бөлімі келесідей бірнеше бөлімшелерге бөлінді:

1. *Балалар инспекциясы* қоғамдық орындарда, темір жолдарда, жағалауларда кәмелетке толмағандарды бақылап, құқық бұзушылық жасаған, оларды пайдалану, қатыгездік көрсету, т. б. жағдайларды анықтау үшін әлеуметтік көмек аға-әпкелер институтымен жүргізілді;

2. *Қабылдау және тарату*: а) қабылдау пункттеріне құқық бұзғандар, т. б. жасаған кәмелетке толмағандар жіберілді; б) бөлу пункттеріне кәмелетке толмағандарға қажетті медициналық-педагогикалық ықпал етуді анықтау үшін бақылау жасау міндеті болды.

3. *Кәмелетке толмағандардың істері бойынша комиссия* – қылмыс жасау оқиғаларының нақты жағын және кәмелетке толмағандардың өмір сүру жағдайларын анықтайтын, сондай-ақ комиссияның ұйғарымдары бойынша кәмелетке толмағандарға медициналық-педагогикалық ықпал етуді қолдану нәтижелерін бақылайтын тәрбиеші-зерттеушілер институты.

4. *Мәжбүрлеп тәрбиелеу мекемелері* Комиссияның қаулылары бойынша белгіленген моральдық-дефектілі оқшаулауды қажет ететін кәмелетке толмағандар орналастырылатын педагогикалық-тәрбиелеу мекемелерінің жұмысын ұйымдастырады және бақылау жүргізеді, т. б. (Из истории борьбы, 2025: 8)

Балалар инспекциясы архив құжаттарында балалар инспекциясы және балалар әлеуметтік инспекциясы деген атаумен кездеседі. Сондай-ақ балалар әлеуметтік инспекторларының қызметкерлері әлеуметтік нұсқаушылар, яғни әлеуметтік көмек көрсететін қызметкерлер (социальные инспекторы – братья и сестры социальной помощи) деген нұсқалары бар. Ал қабылдау пункті (приемник), тарату пункті (распределитель) немесе қабылдау-тарату пункттері (приемно-распределительный пункт) деп те аталады (Из истории борьбы, 2025: 8, 46-47). Атаулардың бірнеше нұсқаларының кездесуін сол кезеңдерде аталған салалардың қалыптасып, қызметінің жетілуімен қатар ұғымдардың да реттеле бастағанымен түсіндіруге болады.

1920-жылдардағы панасыз балалар арасындағы қылмысқа қарсы күрескен мекемелердің қызметі бірнеше бағыттарда жүргізілді. Мәселен, Балалар инспекциясы қоғамдық орындарда, темір жолдарда, жағалауларда кәмелетке толмағандарды бақылап, қылмыс жасаған, оларды пайдалану, қатыгездік көрсету, т. б. жағдайларды анықтаумен айналысты. Әлеуметтік көмек қызметкерлері арнайы көмекші педагогикалық құрам санатында болған (Из истории борьбы, 2025: 49–50) «Балаларды қабылдау пунктінің міндеттері мен жұмыс жоспары туралы» 1920 жылғы 11 наурыздағы № 2445-13 циркулярға сәйкес қабылдау пунктінде қызмет көрсететін әлеуметтік көмек көрсететін қызметкерлердің міндеттері келесідей болған: вокзалдарда тұрақты кезекшілік жасау; барлық көпшілік жиналатын орындар мен базарларды, алаңдарды, кинотеатрларды, баспаналарды қарау; қайыршылықпен, алыпсатарлықпен айналысатындарды және басқа да панасыз қалған балаларды ұстау; оларды қабылдау пунктіне жіберу; панасыздық белгісін анықтау үшін қажетті барлық мәліметтерді жинау, ұсталған баланың отбасы мен ортасының жағдайын анықтау; ұсталған кәмелетке толмағанды пайдалану анықталған кез-келген жағдай туралы Әлеуметтік көмек қызметкерлері кәмелетке толмағандарды жазбаша нысанда (құқықтық қорғаудың жергілікті ішкі бөлімшелерінің) назарына жеткізу; әлеуметтік көмек қызметкерлерін аптасына кемінде бір рет ережелер мен нұсқаулықтарды әзірлеу мәселелерін талқылау және бірлесіп шешу үшін жинау (Сборник, 2025: 27–30).

Әлеуметтік көмек көрсету қызметкерлерін даярлау мақсатында курстар ұйымдастырылған. Курстарда «Балаларға көмек көрсетудің мәні мен міндеттері», «Ресейдегі және шетелдегі балалар қылмысы», «Жас құқық бұзушылардың тұрмыстық жағдайлары», «Кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың түрлері», «Балалар қылмысына қарсы күрестегі мемлекеттің және қоғамның міндеттері», «Ұсталған мен қабылданғандарға алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша практикалық санитария» тәрізді бағдарламалар бойынша пәндер оқытылған. Әлеуметтік қызметкерлер үшін арнайы нұсқаулықтар дайындалып, олармен мұқият танысу талап етілген. Сондай нұсқаулықтардың бастысы жаднама болған. Онда қызметкердің міндеттері мен жедел атқаратын жұмыстары жазылды. Жаднамада жатақханаларды, таверналарды, притондарды және т. б. тексеруі тиіс болды. Әлеуметтік қызметкер көше балаларымен, қайыршылармен, алыпсатарлармен, қалта ұрыларын анықтап, олардың өмір сүру жағдайын тексеруі қадағаланды. Содан кейін әрбір балаға анықтама толтырылды. Ұсталған кәмелетке толмағандарды түріне және жасына байланысты қабылдау пунктіне алып жүруі міндеттелді (Из истории борьбы, 2025: 34–35).

Қазақстандағы әлеуметтік көмек көрсету қызметкерлерінің жұмысында өлкенің географиялық және шаруашылық ерекшеліктеріне байланысты өзіндік белгілері болды. Мысалы, 1921 жылы Бөкей губерниясы орталықтан шалғай орналасқандықтан және ауылдар 10-15 шаңырақтан ғана тұрғандықтан кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау бөлімінің ішкі бөлімшелері толық штатта жұмыс жасай алмады. Онсыз да маман тапшылығы орын алған және қызметкерлер санының аздығы толыққанды жұмыс істеуде қолбайлау болды. Букгубернияда егіннің жетіспеушілігінен азық-түліктің болмауы да маман тапшылығына өзіндік әсер еткен. Әлеуметтік тәрбие бойынша мамандар дайындау үшін мұғалімдер немесе дәріс оқытындардың жетіспеушілігі туралы Қырғыз (Қазақ) ОАК төрағасы Мендешевке баяндалған. Маман тапшылығынан өзге адами факторлар да орын алған. Сондай-ақ Қызметкерлер шөл далаға, ауылдарға жұмыс істеуге барғысы келмеген (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 289-іс. 69-п.).

Халық ағарту комиссариатының ҚТҚҚБ 1920 жылы барлық жергілікті бөлімдерге вокзалдар мен халық көп жиналатын орындарда Балалар милициясының кезекшілік қабылдау пункттерін (Балалар милициясын) ашуды ұсынған (Из истории борьбы, 2025: 34). Дереву қабылдау пункттерін ұйымдастыруға азық-түлік тапшылығы орын алған аймақтарда балалардың ұйымдаспаған босқыншылығы әсерін тигізді (Из истории борьбы, 2025: 38). «Балаларды қабылдау пунктінің міндеттері мен жұмыс жоспары туралы» 1920 жылғы 11 наурыздағы № 2445-13 циркулярға сәйкес оларға теріс қылықтар (қоғамдық қауіпті әрекет) жасағаны үшін ұсталған кәмелетке толмағандар; қайыршылықпен, алыпсатарлықпен

айналысатын кәмелетке толмағандар; кездейсоқ себептермен ұсталған кәмелетке толмағандар (жоғалған, ата-анасынан айырылған, баспанасы жоқ және т. б.) жіберілді. Циркулярға сәйкес кәмелетке толмағандар ұсталған жеріне, уақытына қарамастан шұғыл қабылдау пункттеріне жіберілуге тиіс болды., өйткені олар тәулік бойы жұмыс істеді. Ұсталған кәмелетке толмағандармен алдымен қабылдау пунктінде кезекшіліктегі әлеуметтік көмек көрсету қызметкері сөйлесіп, сауалнама толтырып, ұсталу жағдайы анықталып, қысқаша акт жасалған. Егер бала түнде ұсталынып, шаршапқы не ауру күйде болса, басты ақпараттарды ғана алып, толық сауалнама толтыру неғұрлым қолайлы сәтке қалдырылған. Сауалнамадан соң ұсталушы жуынатын бөлмеге немесе моншаға жіберілген. Ондай орын болмаса, дәрігердің қарауымен жеке бөлмеде дезинфекция жүргізілген.

Қабылдау пунктінің атаулары көрсетілмей, әріптермен немесе сандармен (А бөлімі, 1-бөлім) белгіленген төрт бөлімшеден тұрды. Соның біріншісі ер балаларға арналды. Екінші бөлімше қайыршылық, алыпсатарлық, бір сөзбен айтқанда, моральдық тұрғыдан қараусыз қалған теріс қылықтар жасағаны үшін ұсталғандар үшін құрылды. Моральдық тұрғыдан тіптен қараусыз қалған ер балалар жасына, бұзылу дәрежесіне қарай топтарға бөлінген. Үшіншісі қыз балаларға, төртіншісі кездейсоқ себептермен ұсталғандарға (адасқандар және т. б.) арналды.

Қабылдау пункті жатын бөлмелерімен қатар асхана, қыз және ер балалар үшін жеке жуынатын бөлме не моншадан, науқастар үшін (ауруханаға жіберер алдында болатын) оқшаулау бөлмесінен, мүмкіндігінше кітапханадан тұрады.

Ұсталғандардың тұлғасын анықтау, туыстарын табу, жасалған теріс қылықты жария ету үшін ұсталған күннің ертесінен кешіктірмей әлеуметтік көмек ағалары мен әпкелері қажетті барлық мәліметті жинайды. Қабылдау пунктінде ұсталғандар шамадан тыс көбейіп кетпеу үшін оларға мұнда жеті күннен артық болуға тыйым салынды. Ары қарайғы «тағдыры» тарату пунктінде жалғасты. Балалар учаскесі ретінде қабылдау пункті тәрбиелік және бақылау қызметін атқармады.

Әлеуметтік көмек қызметкерлердің, яғни тәрбиешілердің міндеттеріне клуб сабақтарын жүргізу (сурет салуды, тоқуды, кір жууды және т. б. үйрету) міндеті жүктелді. Қажет жағдайда арнайы нұсқаушылар шақырылды. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандарды қадағалау, олармен әңгімелесу, оқулар ұйымдастыру, сұрақтар қою, балалармен бірге бөлмелерді, төсектерді тазалау, тамақ тарату және т. б. жұмыстары жүргізілді.

Қабылдау пункттеріндегі балаларға арналған (шамамен) күн тәртібі мынадай болды:

8. 30 – ұйқыдан тұру, төсек жинау, жуынып-шайыну, таңғы ас ішу.

Түскі асқа дейінгі уақыт барлық үй-жайларды мұқият тазалау (күнделікті).

14. 00-16. 00 – клубтық сабақтар.

16. 00-18. 00 – серуендеу.

19. 30 – кешкі ас және ыдыс-аяқ пен үстелді тазалау.

20. 30 – 21– ұйқыға жату.

Қабылдау пунктінен балаларды Комиссияларға, қоғамдық қауіпті іс-әрекеттер жасады деп айыпталғандарды кәмелетке толмағандардың істерін қарауға жіберген. Бақылау-тарату пунктіне, егер ұсталушының панасыздық дәрежесін және ықпал ету шараларын анықтау үшін белгілі бір уақыт талап етілсе ғана жіберген. Туыстарына, егер олар табылса, және бала ешқандай әлеуметтік қауіпті әрекет жасамаған немесе оның теріс қылығының сипаты оны отбасынан шығаруды талап етпегенде туыстарына берілген. Қабылдау пункті дәрігердің міндетті және тұрақты бақылауында болған (Из истории борьбы, 2025: 29–30). Мысалы, Орынбор қабылдау пунктінен күнделікті 200-300 адам өткен. Қабылдау пункттерінің материалдық ахуалы нашар болған. Бөлмелер жылытылмаған, азық-түлік тапшылығы орын алған, ол қыс ортасында суррогаттарға алмастырылған, төсек, іш киім, киім, аяқ киім жетіспеген. Орынбор қаласы бойынша балалар өлімі барлық жеткіншектердің 33 пайызын құраған. Семей, Ақтөбе, Бөкей, Ақмола, Қостанай бөлімшелерінде асырап алу секциясы, панасыздықпен және қылмыс жасағандармен күрес секциясы, жасөспірімдер ісі бойынша комиссия жұмыс істеген. Асырап алуға айына орташа есеппен 25 адам өтініш берген.

Кәмелетке толмаған қылмыс жасаушыларға күрес талаптарға сәйкес жүргізілмеген. Кәмелетке толмаған қылмыскерлер түрмелерде болған; олардың істерін қарау ата-аналарға берілген. Ата-аналардың көпшілігі оларды қамқорлыққа алмай, көшелерге жіберген. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы хаттамалар Губерниялық төтенше комиссия мен Қылмыстық іздестіруден кешігіп, кейде 3 айдан соң келген. Қылмыскер кәмелетке толмағандарға қатысты медициналық-педагогикалық мәндегі келесі шаралар қабылданған: түсіндірулер, ескертулер жасау, сөгіс жариялау, туыстарының асырауына беру, балалар үйлері мен күштеп тәрбиелеу орындарына орналастыру және халық сотықа беру. Губерниялардан кәмелетке толмаған қылмыскерлерді Орынбордағы Өлкелік тәжірибелік қабылдау пунктіне жіберу вагондардың тапшылығына байланысты мүмкін болмаған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-т. 294-іс. 17–18-пп.).

Ашаршылыққа байланысты балалардың ата-анасыз қалып, олардың мүлкін туыстары немесе бөтен біреулердің заңсыз иеленген жағдайлары орын алған. Егер заңдық кеңес дұрыс жүргізілсе, балаларға мүлкін қайтаруға мүмкіндік болған. Яғни олар балалар үйінен кеткенде, мемлекет қаржысына емес, өздігімен өмір сүру мүмкіндігін иеленген. Алайда, заңдық кеңес беретін мамандар аз болған. Ересек балалар үшін дене еңбегі, жүйелі мектеп сабақтары жүргізілмеген, қабылдау пункттерінің гигиеналық жағдайы нашар болған. Қалыпты ортаға теріс әсерлі балалар әсер еткен. Мысалы, қылмыскер балалар қасындағыларды өздерімен бірге алып кетіп, базарларда қайыр сұрауға, ұрлық жасауға, т. б. қылмыстарға итермелеген. Қабылдау пункттеріне теріс әсерлі балаларды қалыпты балалардан бөлек ұстауға бөлмелер жетіспеген. Сондықтан қосымша тәрбиеленушілер алынып, балалар палаталарға бөлініп, үйірмелер жұмыс жасай бастаған. Балалар өздері қабылдау пунктін жинап, ауласын реттеп, ағаш кесіп, отын жарған. Кейбіреулері қалыпты балалар үйлеріне жұмысқа жіберілген, басқалары Губерниялық халыққа білім беру бөліміне жұмысқа жіберіліп, олар іс қағаздарын тігіп, мекен-жай үстелі бойынша, т. б. жерлерде жұмыс жасаған. 1923 жылдың шілдесіндегі Губерниялық экономикалық кеңес қаулысынан кейін панасыз және қайта эвакуацияланған балалардың саны азайған. Себебі қабылдау пункттеріндегі балалардың көптігінен, басқа қалалардың балалары қабылданбай, көше кезіп немесе басқа жаққа кеткен. 1923 жылдың қазан айының соңында № 2 балалар қалашығы ашылып, қабылдау пункттеріндегі балалардың басым көпшілігін сол жаққа жіберілген. 1923 жылы 400 орынға арналған қабылдау орнында жыл бойына орташа есеппен 1000 бала орналастырылған (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 906-іс. 13-16-қ. п.).

Кәмелетке толмағандар туралы комиссия 1919 жылы 15 қыркүйекте Юстиция бөлімінің бастамасымен қалыптасқан және Халықтық Сот Төрағасы болып, Әділет халкомының губерниялық бөліміне бағынышты болған. 1922 жылы Әділет халкомының губерниялық бөлімі қайта ұйымдастырылып, Кәмелетке толмағандар туралы комиссия жеке бөлінген. Сол үшін арнайы бөлме және комиссия ісімен айналысатын жеке тұлға қажет болған. Осыған орай, Комиссия төрағасына педагогты тағайындау үшін Комиссия туралы ереже, комиссияның іс қағаздарын ГубХББ-ға беру туралы 1918 жылы 16 ақпанда Совнарком Декретімен, Губатқаруком ГубХББ-ға Әділет бөлімінің қаулысын орындауды ұсынды. Нәтижесінде, 1922 жылы 27 қарашада Комиссия төрағалығына педагог тағайындалды. 1923 жылы 9 қаңтарда Қырхалденкомының қолдауымен дәрігер комиссия мүшесі ретінде жұмыс істеген (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 906-іс. 20-қ. п. -21-қ. п.).

1920 жылғы 4 наурыздағы «Қоғамдық қауіпті әрекеттерге айыпталған кәмелетке толмағандардың істері туралы» Халық Комиссарлар Кеңесінің Жарлығында кәмелетке толмаған деп 18 жасқа толмағандар саналған. Солардың тарапынан қоғамдық-қауіпті әрекеттер байқалғанда істерін Кәмелетке толмағандар туралы комиссия қараған. Комиссия кәмелетке толмағандарға қатысты медициналық-педагогикалық сипаттағы шара қабылдауды бекітсе, ісі халық сотықа берілген. Әділет Халық Комиссариаты аталған кәмелетке толмағанды ересектерден бөлек ұстап, Халық Ағарту Комиссариаты жанынан (бұдан әрі – ХАК) тиісті мекеме ұйымдастырған. Оқу-ағарту және емдеу-тәрбиелеу мекемелері ХАК мен Денсаулық сақтау халық комиссариатына қарасты болған (Из истории борьбы, 2025: 25–26).

Кәмелетке толмағандар ісі бойынша комиссия құрамына (бұдан әрі – КТІК, Комиссия) педагогтар (Халықтық білім беру бөлімінен), халық судьясы (халық сотытан) және дәрігерлер (психиатр / кірді. Денсаулық сақтау бөліміне өздерінің қарауына ұсынылған кәмелетке толмағандардың ісін қарау берілді және оларға медициналық-педагогикалық көмек көрсету міндеті жүктелді. Комиссияда тәрбиеші-тексерушілер жұмыс істеп, олар қылмыстың түрін, кәмелетке толмағандар өмірінің барлық жағдайын анықтап, Комиссия қаулысы бойынша белгінеген медициналық-педагогикалық әсер етудің нәтижелерін бақылаған (Из истории борьбы, 2025: 11). КТІК қабылдау пунктіне түскен балалар мен кәмелетке толмағандардың істерін қараумен айналысқан. Егер қаралатын істер аз болса немесе басқа да себептерге байланысты дәрігерге бірнеше жерде жұмыс істеуіне рұқсат етілген. халық соты жоқ орындарда олардың қызметін жергілікті участкелік немесе тұрақты не қосымша халықтық соттар орындаған. Комиссияның мүшелері жалақыны Халыққа білім беру бөлімінен, ал халық соты Әділет Халық Комиссариатынан алған. Егер дәрігер комиссияға мүшелікті қосымша атқарып жүрсе, жалақыны негізгі жұмыс орнынан алған. Комиссияның қаулылары орындалуға міндетті болған, егер ата-ана немесе басқа да тұлға тарапынан қаулыны орындауға қарсылық білдірсе, сотпен қудаланған.

Үлкендердің кәмелетке толмағандармен бірге жасаған, сондай-ақ 14 жастан үлкен кәмелетке толмағандар қоғамдық қауіпті (ұрлық, тонау, өртеу, ақша белгілерін жасау т. б.) қылмыстары туралы хаттамалар ұсталған сәттен 24 сағат ішінде КТІК халықтық сотына түскен. Ол үш тәулік ішінде тергеу әрекеттерін жүргізіп, кәмелетке толмағанның жасалған қылмысқа қатыстылығы туралы КТІК-ге толық баяндама жасаған. КТІК мемлекеттік және қоғамдық органдар, ата-аналар, туыстар немесе жеке тұлғалар берген 16 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздардың істерін хаттамалар немесе өтініштер бойынша қарастырған. Балалардың жастары ресми құжаттар (акті, еңбек кітапшасы т. б.), ата-анасының немесе т. б. тұлғалардың сөзінен, даулы жағдайда дәрігердің сараптамасымен анықталған. Егер қылмыстық іске үлкендердің қатыстығы анықталған жағдайда үлкендер соттық жауапкершілікке тартылған, кейде ата-аналық құқығынан айырған. Кәмелетке толмағандарға қатысты келесідей медициналық-санитарлық мәндегі шаралар қабылданған: тәрбиешінің сұхбаты, түсіндіруі, ескертуі; ата-анасының, туыстарының, тексерушілердің қарауында қалдыру; жұмыс түрін белгілеу; мектепке орналастыру; туған жеріне қайтару; балалар үйіне немесе емдеу-тәрбиелеу колониясына немесе мекемесіне (ондай орын болмаған жағдайда Халық комиссариатының реформаторийіна) орналастыру; морльдық кемістігі анықталған жағдайда психиатриялық ауруханалардың арнайы оқшаулау бөлімшелеріне орналастыру; кәмелетке толмағанды бостандықта қалдырудың қауіптілі жағдайында, балалар үйінен жүйелі қашу жағдайында кәмелетке толмағандардың ісін халық сотықа жіберген.

Қоғамдық-қауіпті мәнде емес әрекеттермен ұсталған 14 жасқа дейінгі балалар мен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың істері КТІК-на жіберілмеген. Қабылдау (приемник) және Тарату (распределитель) пункттерінің қаулыларының күші КТІК-мен бірдей болған. Белгіленген мерзімде зерттеуші-тәрбиелеушілер қажетті материалдарды жинағанда ғана істер КТІК қарауына жіберілген. КТІК отырыстарына кәмелетке толмағанның түсініктемесі мен куәгерлердің айғақтары енгізіліп хаттама жүргізілген. КТІК-на түскен заттай айғақтар не төрағаның жауапкершілігінде, не сақталуына кепілдік берілетін мемлекеттік мекемеде болып, ерекше құнды заттар мемлекеттік сақтауға тапсырылған. Заттай айғақтарға қылмыс кезінде алынған, оған қатысы бар, немесе оны ашуға көмегі тиюі мүмкін заттар жатқызылған. КТІК қаулысы бойынша істің бітуімен заттай айғақтар иелеріне қайтарылған немесе тәркіленіп, тиісті органдарға: тамақтар – жергілікті азық-түлік органдарына, қару – әскери ведомствоға, бағалы заттар мен ақшалар – мемлекеттік сақтауға берілген және тиісті түбіртектер мен қолхаттар алынған (Из истории борьбы, 2025: 39–43).

1921 жылғы 9 тамыздағы № 2162 РКФСР Халық ағарту комиссариатының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиясы туралы нұсқаулығына сәйкес, комиссия отырыстары туралы жергілікті есептерге кәмелетке толмағандардың аты-жөндері енбеуі керек болған. КТІК арқылы өткен барлық кәмелетке толмағандарды белгіленген сауалнамаға сәйкес нақты

есепке алу жүргізілген. КТІК ай сайын Халыққа білім беру бөліміне, Балалардың құқығын қорғау ішкі бөліміне, Халық ағарту комиссариатына есеп берген (Из истории борьбы, 2025: 67–68).

1923 жылғы КТҚҚБ есебі бойынша: қылмыс жасағандарға қатысты келесі шаралар қолданылған: Комиссия ұсталған баланы келесі жолы қылмыс жасамайтыны туралы қолхатпен жіберген немесе тіптен панасыз болса балалар қабылдау орнына жіберген. Бірақ кейбіреуі бостандыққа шыққаннан кейін, берген сөзін ұмытып, қылмысын қайталап, бірнеше рет ұсталып, қайта босатылғаннан кейін, кәмелетке толмаған ретінде жазалануы мүмкін екендігін түсінген. Комиссия баланы қолхатпен бірден жібермеген, алдымен бұрынғы, қазіргі тұрмыстық жағдайын анықтаған, тек жақындарының материалдық-адамгершілік жағдайы дұрыстарын анықтағанда, туыстарынан халықтық соттың алдында қылмыс жасаған баланың әрі қарайғы қылығына жауапты болып, жұмысқа не оқуға жіберуге міндеттелген. Комиссия тікелей қылмыс үстінде ұсталған баламен жұмыс жүргізген. Көп жағдайларда ұсталған баланың тұлғасын анықтайтын құжаттары болмаған. Арнайы колонияның болмауына байланысты ол жаққа жіберілуге тиісті қылмыскерлер қалыпты балалар колониясына тәрбиешілердің арнайы бақылауына жіберілген. Кемістігі барлар балалар үйіне немесе ауруханаға жіберілуге тиіс болғанымен орындардың жетіспеушілігінен бара алмаған.

1920-жылдары панасыз балалар түрлі қылмыстарға барған. Мына төмендегі кесте – соның дәлелі. Кестеде қылмыскерлердің санаттары көрсетілген.

1-Кесте. Қылмыс жасаған балалардың санаттары (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 906-іс. 23–24-қ. н.)

Table 1. Categories of offenses (CSA RK. F. 81. L. 1. C. 906. P. 23-24 b. s.)

Құқықбұзушылық категориялары	1919-1920		1921		1922		1923			Барлығы	
	Бала	К. толм.	Бала	К. толм.	Бала	К. толм.	Бала	Жасөс.	К. толм.	Бала	К. толм.
Ұрлық	222	346	160	243	187	239	117	73	74	686	975
Кісі өлтіру	3	3	5	5	3	3	3	1	3	14	15
Бандитизм	1	1	2	2	-	-	-	-	-	3	3
Қарулы тонау	3	4	8	12	2	5	-	-	-	13	21
Алыпсатарлық	15	15	3	4	2	2	-	-	-	20	21
Ұрып-соғу және қорлау	18	23	3	10	2	9	2	-	2	25	46
Қашу	2	2	5	5	3	3	-	-	-	10	10
Қоғамд. тәртіпті бұзу	1	1	3	5	4	9	18	4	18	26	36
Бұзақылық, алаяқтық және т. б.	24	27	17	18	19	21	6	3	5	66	74
Қайыршылық	-	-	-	-	-	-	22	28	23	22	51
Барлығы	296	431	210	308	226	295	169	109	125	901	1268

Кестеден сол кезеңдегі кәмелетке толмағандар арасында ұрлық, кісі өлтіру, бандитизм, қарулы тонау, алыпсатарлық, ұрып-соғу және қорлау, қашу, қоғамдық тәртіпті бұзу, бұзақылық, алаяқтық, қаруды сақтау, қайыршылық және т. б. болғаны көрінеді. Айта кетерлік жайт, кестеде көрсеткіштер нақты емес. Бұл есепте келесідей түсіндірілген: біріншіден, Комиссия алғашқы уақытта тек Орынборда болған және оған өңірлердегі барлық қылмыскерлер жіберілген. Есеп беру уақытында Комиссия бірнеше уездік қалада жұмыс істеген. Екіншіден, 15 маусымға дейін комиссия өкілеттілігінде 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандармен жұмыс жасаған. Үшіншіден, алғашқы уақыттарда кәмелетке толмағандар қылмысты мұқтаждықтан, жалғыз, тәжірибесіз жасағандықтан ұсталуы көбірек болған, кейінірек ұйымдасқан, жоспарлы түрде жасаған. Төртіншіден, күз-қыс уақыттарында панасыз кәмелетке толмағандар тамақсыз, тұрақсыз қалмау үшін әдейі қылмыс жасап ұсталған. Бесіншіден, жыныстық ерекшелігі бойынша қылмыскерлердің: ер балалар – 94–95%, қыз балалар – 5–6%-ын құраған. Алтыншыдан, жас ерекшелігі бойынша: 14 жасқа дейінгілер –

30%, 14–18 жастағылар – 70%, қылмыскерлердің басым бөлігін – 13-14 жастағылар қамтыған (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 906-іс. 23–24-қ. п.).

РКФСР Қылмыстық кодексінің 1926 жылғы редакциясындағы 12-бабында «Сот-түзеу сипатындағы әлеуметтік қорғау шаралары он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға қолданылмайды, оларға қатысты медициналық-педагогикалық сипаттағы әлеуметтік қорғау шаралары ғана қолданылуы мүмкін. Он төрт жастан он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға сот-түзеу сипатындағы әлеуметтік, медициналық-педагогикалық сипаттағы әлеуметтік қорғау шараларын қолдану мүмкін емес деп танылған жағдайларда ғана қолданылады», – деп келтірілген. 1922 жылғы Қылмыстық кодекске қарағанда 1926 жылы редакцияланған нұсқасында кәмелетке толмағандарға қатысты баптары көбейіп, нақтылана түскен.

1924 жылғы РКФСР Еңбекпен түзету кодексінің 46-бабына сәйкес «Медициналық-педагогикалық әлеуметтік қорғау шараларын қолдануға арналған мекемелер: 1) кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға арналған және жұмысшы-шаруа жастарының құқық бұзушыларына арналған еңбек үйлері» деп бөлінген. 1925 жылғы 24 желтоқсандағы «Жасөспірімдер еңбек коммуналары туралы ережеге» сәйкес еңбек коммуналары әлеуметтік тәрбиелеу мекемелері болып табылды. Жасөспірімдерге біліктілікпен қатар қоғамдық-саяси тәрбие берді, өзіндік еңбек пен қоғамдық жұмысқа дайындады. Еңбек коммуналарына 12 жастан 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер: а) қалыпты мектептен өтпеген көше балалары, сондай-ақ балалар үйінің жасөспірімдері; б) қиын әлеуметтік және материалдық өмір сүру жағдайларының нәтижесінде әлеуметтік зиянды дағдыларға ие болған жасөспірімдер және в) кәмелетке толмағандарға арналған коммуналар (Комонес) арқылы өткен жасөспірімдер қабылданған (Швейцер, т. б., 1926: 171). Елімізде кәмелетке толмаған қылмыскер үшін Орал, Ақмола губернияларында құмырашы, ағаш ұстаханасы, етік тігу шеберханалары бар еңбек колониялары жұмыс істеген. Олар өз өнімдерімен басқа да балалар мекемелерін қамтамасыз етіп отырған (ҚР ОМА. 509-қ. 1-т. 294-іс. 17–18-п.). 1922 жылы ашылған Карл-Маркс атындағы мектеп-коммуна (бұдан әрі – Коммуна) Орынбор қаласына жақын бұрынғы Мякинкова хуторында орналасқан. 1923 жылы маусымда оның атауы Короленко атындағы балалар үйі болып өзгертілген. Коммуна барлық Орынбор уезін қамтыған. Ол жерде 3: шеберхана жұмысшысы, темір ұстасы, ағаш ұстасы, слесарь, 4 тәрбиеші, 3 техникалық маман жұмыс істеген. 9 тұрғын бөлмесі ғана бар, сынып бөлмелері жоқ, жерінің көлемі – 120 десятина (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 906-іс. 96-п.). 1924 жылғы 9 қазандағы жағдай бойынша Коммунада 5 жылқы, 3 түйе, 2 сауын сиыр, 3 ұсақ мал болған. Ауыл шаруашылық құралдарынан 2 шөп шабатын машина, 2 ат тырмасы, 2 бір реттік соқалар, 1 темір тырма, 3 ағаш және тұқым сепкіштер болған. Осындай еңбек құралдарымен аталған жылдың жазында 31 десятина егістен 81 пұт (1326, 78 кг.) жарма, 2100 п. (34398 кг.) көкөніс алып, 2000 пұт (32760 кг.) шөп дайындалған. 1925 жылға егіске 15 десятина жер аударылып, 2 десятина қысқы бидай, 3 десятина қара бидай себілген. Жаз бойы балалар егін егу, оны баптау және малға жем-шөп дайындаумен айналысқан. Сонымен қатар 5 десятина бақша учаскесін суару бойынша жұмыс жасап, өз күштерімен шығыр дайындап, үлкен арықтарды қазған. Киім, аяқ киім, тамақтың жетіспеушілігінен балалардың денсаулығы қанағаттанарлықсыз, 25% безгекпен, арасында тері аурулары барлары болған (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 906-іс. 79–79-қ. п.).

1923 жылы маусымның ортасында Елек өлкелік реформаторийі ашылып, ол жаққа қиын және кемістігі бар балалар жіберіле бастаған. Реформаторийдің мәжбүрлеп тәрбиелеу мекемесі ретінде ашылғаны туралы хабар қабылдау орындарындағы және балалар үйлеріндегі балаларға әсер етіп, теріс қылықтардың азаюына ықпал еткен. Реформаторийге қайта тәрбиеленуі үшін қылмыскерлер де жіберілген. Сондықтан орын тапшылығына байланысты Кәмелетке толмағандардың ісі бойынша комиссия мұндай балаларды реформаторийге жіберуге мәжбүрлі болған. 35 адамға арналған моральдық кемістігі бар балалар үйінен жылына 2 адам шығарылған. Мысалы, аталған кезеңде 15 кеміс бала түсіп, 4-еуі қашып кеткен,

2-еуі қайтыс болып, 1-еуін ата-анасы алып кеткен, 2-еуі қалыпты балалар үйіне ауыстырылған (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 906-іс. 15–17-п.).

Кемістігі бар балалар өздігінен қашып, дөрекі қарым-қатынас жасаған, төбелескен және афектілік түрдегі іс-әрекеттер көрсеткен. Олармен жұмыстың қиындығына тәрбиешілер шыдамай, жиі ауысып тұрған. Оның үстіне кеміс балалармен жұмыстың өзіндік ерекшеліктерін меңгерген мамандар өте аз болған. Алғашқы уақыттарда тәрбие жұмыстары үйірмелер мен өз-өзіне қызмет көрсету түрінде жүргізілген. Кейінірек мектеп сабақтары қосылғаннан кейін балалардың өздігінен қашуы және ашулану әрекеттер азая бастаған. Мектеп сабақтары үш топта жүргізілген. Дайындық сабақтары қалыпты мектеп сабақтарына ұқсас өткен. Балалар үйінің гигиеналық және материалдық жағдайы жақсарып, мектеп-тәрбие жұмысы нәтижелі бола бастаған.

Балалар үйінде аяқ киім шеберханасы жұмыс істеп, балаларды етік тігу қолөнеріне үйреткен. Балалар бәтеңке мен жаздық аяқ киім тігуді үйренген. Аяқ киім жөндеу және тігу балалар үйінің қажеттілігін, жеке тапсырыстарды орындауға мүмкіндік тудырған. Мұның өзі балалардың аяқ киім тігуге қызығушылығын арттырған. Қағаздан кілемшелер, кәрзеңкелер тоқу сияқты қол еңбектері балаларды тәртіпке, ерік-жігерін нығайтуға, шыдамдылыққа, тұрақтылыққа, ұқыптылыққа үйреткен. Жұқа тақтайшалардан түрлі ойыншықтар жасап, саздан әртүрлі бала қиялы бойынша фигуралар жасалған. Балалардың тиімді еңбек түрі киім мен кесте тігу болған. Тігін шеберханасы үзіліссіз жұмыс істеген. Қыз балалар мен тәрбиешілердің көмегімен киімдерін ықшамдаумен, кесумен, тігумен айналысқан. Балалар үйінің кейбір балалары ағаш ұстасы ретінде еңбек еткен. Олар тапсырыс бойынша үстелдер, орындықтар, керуеттер және т. с. с. жасаған. Кейбір балалар жаз бойы қыш зауытына барып, ыдыс-аяқ, әшекейлер мен үй тұрмысының заттарын жасауды үйренген. Еңбекке дағдыланған балалар жұмысты басшылардың нұсқауынсыз орындаған. Балалар фабрикалардағы жұмысқа қатысқан (ҚР ОМА. 81-қ. 1-т. 906-іс. 16-қ. п., 17-қ. п.).

Қорытынды. 1920-жылдардағы панасыз балалардың ішінде кәмелетке толмаған, қылмыс жасаған балаларды қайта тәрбиелеуде губерниялар мен уездерде Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау бөлімі жұмыс істеді. Балаларды тәрбиелеудегі мемлекеттік мекемелердің қызметінің өзіндік ерекшеліктері болды.

Әсіресе балалар инспекциясы, қабылдау-тарату пункттері, мәжбүрлеп тәрбиелеу мекемелерінде балалар қабылданған сәттен бастап өз-өзіне қызмет көрсетіп, қабылданған орнындағы ішкі тәртіпке сәйкес жұмыстар атқарды. 14 жастан бастап өндірістерге, кәсіпорындарға, фабрикаларға т. б. мекемелерге жұмысқа орналастырылып, балаларды, жасөспірімдерді, жалпы кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуде еңбектің орны ерекше болды. Білім беру, еңбек дағдыларын сіңіру арқылы жүргізілген тәрбие балаларды үлкен өмірге бейімдеді.

1920-жылдардағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің панасыз, соның ішінде қылмыс жасаған балалармен тәрбие жұмыстарының тағылым мол, тәжірибесі бүгінгі күнде қолдануға лайық. Осы орайда заманауи білімді ұрпақты еңбекке баулуды «Еңбек» пәні шеңберінде шектемеген ұтымды болар еді. 9–11-сынып оқушылары үшін мектеп қабырғасынан шыққанда белгілі бір еңбек түрін меңгергені қоғам үшін де, өзінің болашағы үшін де пайдалы болар еді. Сонда мектеп бітірген түлек, біріншіден, сол мамандығы бойынша оқуын жетілдіреді. Екіншіден, оқуға түсе алмаған жағдайда мектеп қабырғасынан алған куәлігі негізінде жұмыс істеп, өмірге бейімделеді.

Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

Fund-509 – “People’s Commissariat of education of the KASSR in Orenburg”,

81 – “Central children’s Commission for the improvement of children’s lives at the CAC KASSR”

Дереккөздер

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.

509-қор – «Орынбор қ. КАССР халық ағарту комиссариаты,

81 – «КАССР ОАК жанындағы балалардың өмірін жақсарту жөніндегі орталық балалар комиссиясы»

References

- Abzhanov, 2014 — Abzhanov H. Kazakhstan: ulttyk tarih, ideya, metodologiya (Kazakhstan: National History, Idea, Methodology). Almaty: Eltanym, 2004. P. 328.
- Bajtan, 2022 — *Bajtan A.* Kazakstandagy enbekpen tuzetu lager“lerinin kurylyp damu tarihy (History of creation and development of correctional labor camps in Kazakhstan). // Kazakhstan tarihy. 2022 zhylygy 14 karasha. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/338875>. (In Kaz.).
- Bekenova, Kozybaeva, 2023 — *Bekenova A. A., Kozybaeva M. M.* 1921–1922 zhzh. Asharshylyk kezindegi Kazakstandagy balalardyn zhagdajy zhane ARA ujymynyn komegi (The situation of children in Kazakhstan during the Famine of 1921–1922 and the assistance of the Bee organization). Otan tarihy. 2023. No. 26(3). URL: <https://otan.history.iie.kz/main/article/view/612/381>. (In Kaz.).
- Bender. 2013 — *Bender E. A.* Pravovye osnovy bor“by s detskoj besprizornost“yu v RSFSR v 1920–1930-e gody. (The legal basis for combating child homelessness in the RSFSR in the 1920s and 1930s). (e- resource). CIBERLENINKA. 2013. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovye-osnovy-borby-s-detskoj-besprizornostyu-v-rsfsr-v-1920-1930-e-gody>. (In Russ.).
- Elchaninov, 2022 — *El“chaninov A.P.* Ispravitel“nye zavedeniya prinuditel“nogo vospitaniya nesovershennoletnih sel“skohozyajstvennoj specializacii v rossijskoj imperii na rubezhe XIX–XX vv.: k voprosu o celyah sozdaniya i effektivnosti funkcionirovaniya (Correctional institutions for the forced education of minors with agricultural specialization in the Russian Empire at the turn of the 19th – 20th centuries: on the issue of the goals of creation and effective functioning). Ufa Law Institute MIA RF. No. 2(96). 2022 / CIBERLENINKA. 2022. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ispravitelnye-zavedeniya-prinuditelnogo-vospitaniya-nesovershennoletnih-selskohozyaystvennoj-spetsializatsii-v-rossiyskoj-imperii>. (In Russ.).
- Iz istorii bor“by, 2025 — *Iz istorii bor“by s detskoj besprizornost“yu v Kazahstane i sopredel“nyh stranah v 1920–1930-e gg.: sbornik arhivnyh dokumentov i materialov* (From the history of the fight against child homelessness in Kazakhstan and neighboring countries in the 1920s and 1930s: a collection of archival documents and materials). / Sost.: Kaipbaeva A. T., Kozybaeva M. M., Muhatova O. H., Bajzhumanova Z. B., Bekenova A. A. Almaty: IP “Balausa“, 2025. 656 s. (In Russ.).
- ITK, 1924 — Ispravitel“no-trudovoj kodeks RSFSR 1924 g. (The Correctional Labor Code of the RSFSR of 1924). // URL: https://nnov.hse.ru/ba/law/igpr/sov_gos/istkod_24. (In Russ.).
- Karipzhanova, 2020 — *Karipzhanova G. K.* Stanovlenie i razvitie detskih domov v 1920–1940-e gody v Kazahstane (The formation and development of orphanages in the 1920s and 1940s in Kazakhstan). // “Molodoj uchenyj“ magazine, 08. 06. 2020 (In Russ.).
- Mardahaev, 2003 — *Mardahaev L.* Trudnovospituemye deti: sushchnost“, prichiny, problemy vospitatel“noj raboty (Difficult-to-educate children: the essence, causes, and problems of educational work) (elektronnyj resurs) // Otechestvennaya social“naya pedagogika: hrestomatiya. / Comp. and preface by Mardahaev L. V. Moscow: Akademiya, 2003. P. 338–353. // URL: https://studme.org/56685/pedagogika/trudnovospituemye_deti_suschnost_prichiny_problemy_vospitatelnoy_raboty. (In Russ.).
- Muhatova, Kaipbaeva, t. b., 2026 — *Muhatova O. H., Kaipbaeva A. T., Saipova K. D.* Kazakstandagy 1920–1930 zhyldardagy panasyz balalar tarihy zertteudin teoriyalyk zhane metodologiyalyk maseleleri (Theoretical and methodological problems of studying the history of homeless children in Kazakhstan in the 1920s and 1930s). // Otan tarihy, 2026. T. 29(1). URL: <https://otan.history.iie.kz/main/article/view/1086/703>. (In Kaz.).
- Omarbekov, Omarbekov, 2014 — *Omarbekov T., Omarbekov Sh.* Kazakstan tarihyne jane tarihnamasyna ulttyk kozkaras (National approach to the history and historiography of Kazakhstan). Almaty: Kazah universiteti, 2004. P. 388.
- Pedagogika, 2005 — *Pedagogika: Bol“shaya sovremennaya enciklopediya* (Pedagogy: A great modern Encyclopedia). / Comp. E. S. Rapacevich. Minsk: Sovrem. Slovo, 2005. 720 p. (In Russ.).
- Sygyralimova, 2006 — *Sygyralimova G. B.* Kazakstandagy panasyz balalar. Maseleni sheshu tarihy, tazhiribesi, korytyndysy (1920–1940 zhyldar) (Homeless children in Kazakhstan. History, experience, conclusion of problem solving (1920–1940 years)). Candidate dissertation in History. Ekibastuz, 2006. 135 p (In Kaz.).
- UK, 1922 — *Ugolovnyj kodeks RSFSR 1922 g.* (Criminal Code of the RSFSR, 1922) / URL: https://nnov.hse.ru/ba/law/igpr/sov_gos/ugkod_22. (In Russ.).
- UK, 1926 — *Ugolovnyj kodeks RSFSR v redakcii 1926 g.* (The Criminal Code of the RSFSR, as amended in 1926). / URL: <http://museumreforms.ru/node/13973>. (In Russ.).
- Shvejcer, Shabalova, 1926 — *Shvejcer V. L., Shabalova S. M.* Trudovaya i obrazovatel“naya podgotovka podrostkov v detskih domah i trudovyh kommunah (Labor and educational training of teenagers in orphanages and labor communes). Moscow, 1926. 215 p. (In Russ.).

Әдебиеттер

- Әбжанов, 2014 — *Әбжанов Х.* Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. Алматы: Елтаным баспасы, 2014. 328 б.
- Байтан, 2022 — *Байтан А.* Қазақстандағы еңбекпен түзету лагерьлерінің құрылып даму тарихы. // Қазақстан тарихы. 2022 жылғы 14 қараша. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/338875>.
- Бекенова, Козыбаева, 2023 — *Бекенова А. А., Козыбаева М. М.* 1921–1922 жж. Ашаршылық кезіндегі Қазақстандағы балалардың жағдайы және АРА ұйымының көмегі. // Отан тарихы 2023. № 26(3). URL: <https://otan.history.iie.kz/main/article/view/612/381>.
- Бендер, 2013 — *Бендер Е. А.* Правовые основы борьбы с детской беспризорностью в РСФСР в 1920–1930-е годы. (электронный ресурс) // CIBERLENINKA. 2013. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovye-osnovy-borby-s-detskoy-besprizornostyu-v-rsfsr-v-1920-1930-e-gody>.
- Ельчанинов, 2022 — *Ельчанинов А. П.* Исправительные заведения принудительного воспитания несовершеннолетних сельскохозяйственной специализации в российской империи на рубеже XIX–XX вв.: к вопросу о целях создания и эффективности функционирования. // Вестник Уфимского юридического института МВД России, № 2 (96). 2022. / CIBERLENINKA. 2022. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ispravitelnye-zavedeniya-prinuditelnogo-vospitaniya-nesovershennoletnih-selskohozyaystvennoy-spetsializatsii-v-rossiyskoy-imperii>.
- Из истории борьбы, 2025 — *Из истории борьбы с детской беспризорностью в Казахстане и сопредельных странах в 1920–1930-е гг.: сборник архивных документов и материалов.* / Сост.: Каипбаева А. Т., Козыбаева М. М., Мухатова О. Х., Байжуманова З. Б., Бекенова А. А. Алматы: ИП «Балауса», 2025. 656 с.
- ИТК, 1924 — *Исправительно-трудовой кодекс РСФСР 1924 г.* // URL: https://nnov.hse.ru/ba/law/igpr/sov_gos/istkod_24.
- Карипжанова, 2020 — *Карипжанова Г. К.* Становление и развитие детских домов в 1920–1940-е годы в Казахстане. // Журнал «Молодой ученый», 08. 06. 2020.
- Мардахаев, 2003 — *Мардахаев Л.* Трудновоспитуемые дети: сущность, причины, проблемы воспитательной работы (электронный ресурс) // Отечественная социальная педагогика: хрестоматия. / сост. и авт. предисл. Мардахаев Л. В. М.: Изд. центр «Академия», 2003. – С. 338–353. // URL: https://studme.org/56685/pedagogika/trudnovospituemye_deti_suschnost_prichiny_problemy_vospitatelnoy_raboty.
- Мұхатова, Қаипбаева, т. б., 2026 – *Мұхатова О. Х., Қаипбаева А. Т., Саипова К. Д.* Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы панасыз балалар тарихын зерттеудің теориялық және методологиялық мәселелері. // Отан тарихы, 2026. Т. 29(1). URL: <https://otan.history.iie.kz/main/article/view/1086/703>.
- Омарбеков, Омарбеков, 2014 — *Омарбеков Т., Омарбеков Ш.* Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004. 388 б.
- Педагогика, 2005 — Педагогика: Большая современная энциклопедия. / Сост. Е.С. Рапацевич. Мн. «Соврем. Слово», 2005. 720 с.
- Сүгірәлімова, 2006 — *Сүгірәлімова Г.Б.* Қазақстандағы панасыз балалар. Мәселені шешу тарихы, тәжірибесі, қорытындысы (1920–1940 жылдар). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. Екібастұз, 2006. 7 б.
- УК, 1922 — Уголовный кодекс РСФСР 1922 г. URL: https://nnov.hse.ru/ba/law/igpr/sov_gos/ugkod_22.
- УК, 1926 — Уголовный кодекс РСФСР в редакции 1926 г. URL: <http://museumreforms.ru/node/13973>.
- Швейцер, Шабалова, 1926 — *Швейцер В. Л., Шабалова С. М.* Трудовая и образовательная подготовка подростков в детских домах и трудовых коммунах. М.: 1926. 215 с.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Alpysbes M.A., Khumarzakh A., Kara A. THE LETTER OF GÜYÜK KHAN AS A HISTORICAL SOURCE	608
---	-----

HISTORY

Batyrbayeva M., Dönninghaus V. THE HISTORY OF THE FORMATION OF CIVIL AVIATION IN KAZAKHSTAN (1920–1940)	626
Bekenova A.A., Mukhatova O.Kh. COMBATING CRIME AMONG HOMELESS CHILDREN IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S	642
Berlibay E., Zhubanyshov B., Smanova A. THE CONSEQUENCES OF REPRESSION IN KAZAKHSTAN (1920-1950)	659
Zhirenov A.A., Kalan E. EMIR OF KHOREZM HUSSEIN SUFI IN HIS WORK "TAVARIKH-I GUZIDE-I NUSRAT-NAMEH"	677
Kapbarova G.Sh., Amirbek A.A., Gündogdu A. SETTLEMENT AND SOCIAL ADAPTATION OF KANDAS IN SOUTHERN KAZAKHSTAN: REGIONAL DYNAMICS AND THE IMPACT OF MIGRATION POLICY (2000–2023)	689
Kapayeva A.T., Kassymova D.B., Konkabayeva A.N. SOCIAL POLICY AND WOMEN'S HEALTH IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S–1930S: A HISTORICAL-SOCIAL ANALYSIS	705
Mamytova S.N., Shayakhmet N.U., Batalov K.K. USE OF SNOW AND SNOW RETENTION PRACTICES IN THE ECONOMY OF THE KAZAKHS IN THE IRTYSH REGION (LATE 19TH – EARLY 20TH CENTURY)	725
Nurymbetova G.R., Abzhanov Kh.M. POLITICAL REPRESSION IN KAZAKHSTAN: THE FATE OF S. SEIFULLIN	738
Ospanova R.R., Murzakhodzhayev K. ACTIVITIES OF SECULAR AND MUSLIM EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN THE SEMIRECHYE REGION AT THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES (INTERDISCIPLINARY ANALYSIS BASED ON ARCHIVAL DOCUMENTS)	753
Saktaganova Z.G., Zhagypar A.B., Baigozhina G.M. OME ASPECTS OF "DISSENT" AMONG THE YOUTH OF KARAGANDA IN 1940–1945	772
Satenova M., Shotanova G., Zhetpisbay N. ON THE DEVELOPMENT OF DOMESTIC ARCHEOGRAPHY BASED ON DOCUMENTARY PUBLICATIONS OF THE 18TH–19TH CENTURIES	789
Toraigyrov E.M., Dzhumashev A.M. THE ZHATAKS OF THE IRTYSH REGION AND THE TEN-VERST BELT IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES	806
Tuleshova U.Zh., Galimov E.A. IMPERIAL POWER AND QAZAQ ELITES: MAIN DIRECTIONS OF THE HISTORIOGRAPHICAL STUDY OF THE INSTITUTION OF SULTAN-RULERS IN THE JUNIOR ZHUZ	821
Tursun Kh.M., Khazretalikyzy R., Kapbarova G.M. THE HISTORICAL PSYCHOLOGY OF FORCED NOMADIC DISPLACEMENT	840
Cherepanov K.V., Omarova G.A., Ualtaeva A.S. THE FORMATION OF ALMATY AS THE POLITICAL CENTER OF KAZAKHSTAN (1920S–30S)	854
Shashayev A.K., Kurmanalina N.N., Belous S.G. POLICE ACTIVITIES DURING THE 1916 UPRISING IN THE SEMIRECHESK REGION	876

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Razdykov S.Z., Sydygaliyev S.M., Khainazarov B.B. ONOMASTIC ELEMENTS OF SUFI ORIGIN IN THE GENEALOGY OF KAZAKH CLANS IN THE XIV–XV CENTURIES	892
Samashev S.K., Sapashev O.S., Seitkhanuly Sh. TAMGAS AND EAR MARKS (EN) OF THE KAZAKHS OF MONGOLIA	908
Sapatayev S.A., Kartayeva T.E., Orynbasar B.K. SEASONAL SETTLEMENTS OF THE DULAT TRIBE IN THE VALLEYS OF THE SHU-ILE AND TALAS RIVERS	926

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Қара Ә.	
КҮЙІК ХАННЫҢ ХАТЫ – ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ	608

ТАРИХ

Батырбаева М., Дённингхаус В.	
ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (1920–1940 ЖЖ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О. Х.	
1920-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАНАСЫЗ –	
БАЛАЛАР ҚЫЛМЫСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС	642
Берлібай Е., Жұбанышов Б., Сманова А.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН–СҮРГІНІНІҢ ЗАРДАПТАРЫ (1920-1950 жж.)	659
Жиренов А.А., Калан Э.	
«ТАУАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	
ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ХОРЕЗМ ӘМІРІ ХУСЕЙН СУФИ	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гүндоғду А.	
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАНДАСТАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ	
МЕН ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ: АЙМАҚТЫҚ ДИНАМИКАСЫ	
ЖӘНЕ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ ӘСЕРІ (2000–2023 ЖЖ.)	689
Қапаева А.Т., Қасымова Д.Б., Қоңқабаева А.Н.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ	
ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫ: ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ	705
Мамытгова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов Қ.Қ.	
ЕРТІС ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА	
ҚАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚАР ТОҚТАТУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы).....	725
Нұрымбетова Г.Р., Әбжанов Х.М.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН: С. СЕЙФУЛЛИН ТАҒДЫРЫ	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев Қ.	
XIX–XX ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДА ЖЕТІСУ ӨңІРІНДЕГІ ЗАЙЫРЛЫ	
ЖӘНЕ МҰСЫЛМАНДЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ	
(АРХИВТІК ҚҰЖАТТАР НЕГІЗІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ)	753
Сақтағанова З.Ғ., Жағыпар Ә.Б., Байгожина Г.М.	
1940–1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЖАСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ	
«ӨЗГЕШЕ ОЙЛАУДЫҢ» КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетпісбай Н.	
XVIII–XIX ҒҒ. ҚҰЖАТТЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАР НЕГІЗІНДЕГІ ОТАНДЫҚ	
АРХЕОГРАФИЯНЫҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ.....	789
Торайғыров Е.М., Джумашев А.М.	
XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ	
ЕРТІС ӨңІРІ МЕН ЕРТІС ОН ШАҚЫРЫМДЫҚ БЕЛДЕУІНДЕГІ ЖАТАҚТАР.....	806
Түлешова Ұ.Ж., Галимов Е.А.	
ИМПЕРИЯЛЫҚ БІЛІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭЛИТАСЫ: КІШІ ЖҮЗДЕГІ БІЛЕУШІ	
СҰЛТАНДАР ИНСТИТУТЫН ТАРИХНАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	821
Түрсүн Х. М., Хазретәліқызы Р., Капбарова Г. М.	
МӘЖБҮРЛІ АУА КӨШУДІҢ ТАРИХИ ПСИХОЛОГИЯСЫ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С.	
АЛМАТЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–30 ЖЖ.)	854
Шашаев Ә.К., Құрманалина Н.Н., Белоус С.Г.	
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС КЕЗІНДЕГІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздықов С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б.	
XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ РУЛАРЫ ШЕЖІРЕСІНДЕГІ	
СОПЫЛЫҚ ТЕКТІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР.....	892
Самашев С.Қ., Сапашев О.С., Сейітханұлы Ш.	
МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЕН-ТАҢБАЛАРЫ.....	908
Сапатаев С.Ә., Қартаева Т.Е., Орынбасар Б.Қ.	
ШУ-ІЛЕ ЖӘНЕ ТАЛАС ӨЗЕНДЕРІ АҢҒАРЛАРЫНДАҒЫ ДУЛАТ ТАЙПАСЫНЫҢ	
МЕРЗІМДІК ҚОНЫСТАРЫ	926

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Кара А.	
ПИСЬМО ХАНА ГУЮКА КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК	608

ИСТОРИЯ

Батырбаева М., Дённингхаус В.	
ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1940 ГГ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О.Х.	
БОРЬБА С ПРЕСТУПНОСТЬЮ БЕЗПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ	
В КАЗАХСТАНЕ В 1920-Х ГОДАХ	642
Берлибай Е., Жубанышов Б., Сманова А.	
ПОСЛЕДСТВИЯ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1950 ГГ.)	659
Жиренов А.А., Калан	
ЭМИР ХОРЕЗМА ХУСЕЙН СУФИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ТАВАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гюндоду А.	
РАССЕЛЕНИЕ И СОЦИАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ КАНДАСОВ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ:	
РЕГИОНАЛЬНАЯ ДИНАМИКА И ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ (2000–2023 ГГ.)	689
Капаева А.Т., Касымова Д.Б., Конкабаева А. Н.	
СОЦИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА И ЖЕНСКОЕ ЗДОРОВЬЕ В КАЗАХСТАНЕ В 1920–1930-Е ГГ.:	
ИСТОРИКО-СОЦИАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ.....	705
Мамытова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов К.К.	
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СНЕГА И ПРАКТИКИ СНЕГОЗАДЕРЖАНИЯ В ХОЗЯЙСТВЕ	
КАЗАХОВ ПРИИРТЫШЬЯ (КОНЕЦ XIX – НАЧАЛО XX ВЕКА)	725
Нурымбетова Г.Р., Абжанов Х.М.	
ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ В КАЗАХСТАНЕ: СУДЬБА С. СЕЙФУЛЛИНА.....	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев К.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СВЕТСКИХ И МУСУЛЬМАНСКИХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ	
В РЕГИОНЕ СЕМИРЕЧЬЕ НА РУБЕЖЕ XIX И XX ВЕКОВ (МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ	
АНАЛИЗ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ).....	753
Сактаганова З. Г., Жагыпар А.Б., Байгожина Г.М.	
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ «ИНАКОМЫСЛИЯ»	
СРЕДИ МОЛОДЁЖИ КАРАГАНДЫ В 1940–1945 ГОДАХ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетписбай Н.	
О РАЗВИТИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ АРХЕОГРАФИИ НА ОСНОВЕ ДОКУМЕНТАЛЬНЫХ	
ПУБЛИКАЦИЙ XVIII–XIX ВВ.	789
Торайгыров Е.М., Джумашев А.М.	
ЖАТАКИ ПРИИРТЫШЬЯ И ДЕСЯТИВЕРСТНОЙ ПОЛОСЫ	
ВО 2-Й ПОЛОВИНЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВВ.	806
Тулешова У.Ж., Галимов Е.А.	
ИМПЕРСКАЯ ВЛАСТЬ И КАЗАХСКАЯ ЭЛИТА: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ	
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ ИНСТИТУТА СУЛТАНОВ-ПРАВИТЕЛЕЙ	
МЛАДШЕГО ЖУЗА.....	821
Турсун Х.М., Хазреталикызы Р., Капбарова Г.М.	
ИСТОРИЧЕСКАЯ ПСИХОЛОГИЯ ВЫНУЖДЕННОГО ОТКОЧЕВАНИЯ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С.	
ФОРМИРОВАНИЕ АЛМА-АТА КАК ПОЛИТИЧЕСКОГО ЦЕНТРА КАЗАХСТАНА (1920–30-Е ГГ.)	854
Шашаев А.К., Курманалина Н.Н., Белоус С.Г.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПОЛИЦИИ В ПЕРИОД ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА	
В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздыков С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б.	
ОНОМАСТИЧЕСКИЕ ЭЛЕМЕНТЫ СУФИЙСКОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ	
В ГЕНЕАЛОГИИ КАЗАХСКИХ РОДОВ XIV–XV ВВ.....	892
Самашев С.К., Сапашев О.С., Сейитханулы Ш.	
ТАМГИ И ЕН КАЗАХОВ МОНГОЛИИ	908
Сапатаев С.А., Картаева Т.Е., Орынбасар Б.К.	
СЕЗОННЫЕ ПОСЕЛЕНИЯ ПЛЕМЕНИ ДУЛАТ В ДОЛИНАХ РЕК ШУ-ИЛЕ И ТАЛАСА	926

ASIAN JOURNAL «STEPPE PANORAMA»
2026. 13(2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй